ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 қазан №2301-24-00-2/2646 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Цифландыру және архивтер басқармасының Атырау облысының цифрландыру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Жанұзақ» - Гүлнұр Жәнібекқызы Жанұзақ,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор К.Таргынова,
талап қоюшы өкілі Д.Е.Масалимов,
жауапкер Г.Ж.Жанұзақ,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 08 шілдеде тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №91 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 25 жұмыс күн ішінде, яғни 2024 жылғы 12 тамызға дейін талап қоюшыға электр шайнегін жеткізуге міндеттенген. Алайда жауапкермен тауар жеткізілмеген.

Талап қоюшы аталмыш талаппен сотқа жүгініп, талабының негізі ретінде жауапкердің шартта көзделген міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, тапсырыс берушінің «112» бірыңғай байланыс жүйесі тәулік бойы қызмет атқаратынын, түнгі ауысымдағы қызметкерлерге қалыпты жұмыс жағдайын қамтамасыз ету шаралары алынғанын, соның ішінде электр шайнагі қызметкерлердің тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажет

болғанын, сондықтан тауардың жеткізілмеуі жағымсыз салдар екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талаппен келіспей, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды. Жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті тауарды жеткізбеді. Тауардың жеткізілмеуі салдарынан талап қоюшы үшін жағымсыз салдар орын алған.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 03 қыркүйекте жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Заңның 43-бабының 24-тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 28.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 29.11.2024, судья Султангалиева А. Е., 29.11.2024
2301-24-3-1/2843

үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Шарттың 7.3.-тармағында көзделгендей, өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе шарт бойынша тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап әр күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруге құқығы бар.

Талап қоюшының сотқа ұсынған есебіне сәйкес тұрақсыздық айыбы 2024 жылғы тамыз айының 9 мен 31 аралығындағы 23 күнге есептелді, жалпы сомасы 172,50 теңге құрайды.

Есепті тексеріп, сот оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 72-бабының 1-бөлігіне сай, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының сотта жауапкерге қойған талаптары толық қанағаттандырылуға жатады. Жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылып, одан мемлекет кірісіне 173 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру қажет.

АПК-тің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 851 (1846+5) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Цифландыру және архивтер басқармасының Атырау облысының цифрландыру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Жанұзақ» - Гүлнұр Жәнібекқызы Жанұзақты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Жанұзақ» - Гүлнұр Жәнібекқызы Жанұзақ мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Жанұзақ» - Гүлнұр Жәнібекқызы Жанұзақтан мемлекет кірісіне 173 (жүз жетпіс үш) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 851 (бір мың сегіз жүз елу бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-тің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 28.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 29.11.2024, судья Султангалиева А. Е., 29.11.2024
2301-24-3-1/2843

нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Шешім заңды күшіне 2024 жылғы «29» қарашада енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 28.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.11.2024, судья Султангалиева А. Е., 29.11.2024

2301-24-3-1/2843